

Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 1621 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 қазандағы N 908 Қаулысымен.

Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтіру және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша осы Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұ с ы н с ы н . < * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.07. N 332 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1621 қаулысымен

бекітілген

Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы Паспорты

Атауы - Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қ а л п ы н а

келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы

Бағдарлама әзірлеу - "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы
т у р а л ы ш е ш і м
22 ақпандағы N 01-25/31 тапсырмасын орындау жөніндегі шаралар

туралы" Е. Өтембаевта болған 2000 жылғы 9 наурыздағы кеңестің
N

02-111-К хаттамасы

Негізгі әзірлеушілер - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда
м и н и с т р л і г і ,

Қазақстанның шарап жасаушылар одағы

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстанның оңтүстік аймақтарында тауарлық жүзім
а л қ а п т а р ы н

кешенді қалпына келтіру және дамыту, шарап материалдары және
жоғары сапалы отандық маркалы шараптар өндірісін ұлғайту,

с а л а н ы ң

технологиялық және техникалық артта қалуын еңсеру, ішкі және
сыртқы рыноктарда отандық шараптардың бәсекелестік қабілетін
қамтамасыз ету

Бағдарламаның - Бағдарламаның мақсатына сәйкес келесі міндеттерді шешу
к ө з д е л у д е :

міндеттері саланы қалпына келтіру және дамыту үшін қолайлы
э к о н о м и к а л ы қ

ж а ғ д а й ж а с а у ;

өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталған шараларды

і с к е а с ы р у ;

осы бағдарламамен айқындалған басымдықтар шеңберінде сала
шаруашылықтарын байыпты көтермелеу және инвестициялық

қолдау

Қаржыландыру көздері - Кәсіпорындардың өз қаражаты, тікелей инвестициялар

Іске асыру мерзімі - Бағдарламаны іске асыру 2010 жылға дейінгі кезеңге
белгіленген

Кіріспе

Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің
және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы (бұдан әрі -
Бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 22 ақпандағы
N 01-25/31 тапсырмасын орындау жөніндегі шаралар туралы" Е. Өтембаевта

болған 2000 жылғы 9 наурыздағы кеңестің N 02-111-К хаттамасына сәйкес ә з і р л е н г е н .

Осы бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі Қазақстанның оңтүстігіндегі табиғи-климаттық жағдайлардың жүзім шаруашылығы және шарап жасау ісін дамытуға мүмкіндік беретіндігімен байланыстылығында. 1970 жылдан 1985 жылдарда Қазақстанда көптеген, тиімділігі жоғары жүзім шаруашылықтары қ ұ р ы л ғ а н б о л а т ы н .

1985-1990 жылдары сала үшін зиянды болған алкогольге қарсы саясат елеулі залал келтірді. Нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде көптеген жүзім шаруашылықтары иелерінің әрдайым тиімді болмаған ауысуы жағдайды ш и е л е н і с т і р д і .

Сонымен бірге, көптеген шаруашылықта әлі де болса жүзімдіктер сақталған, тәжірибелі мамандар мен жұмысшы кадрлар бар, жүзім өсіру және шарап өндірісі тәжірибесі жоғалған жоқ. Бұрын отандық шарап жасау ісі бұрын халықаралық деңгейде танылған әрі табысы жоғары сала болып табылған еді.

Соңғы 5 жылда шарап ішімдіктері балансын талдау Қазақстандағы шарап рыногының әлемдік рыноктардағы конъюнктура өзгерістерімен байланысты баға факторларына тәуелділігінің аздығын және тұрақтылығын көрсетуде. Қазіргі уақытта, ішкі рынокта импорттық шараптар басым түсуде. Отандық шарап зауыттары, көбінесе импорттық шарап материалдарымен жұмыс істеп келеді.

Бағдарламаның іске асырылуы рынокты отандық шараптармен қанықтыруға жол ашады. Сонымен қатар, Ресейдің сыйымды рыногы жүзім өнімі мен шарапты, әсіресе, оның шығыс аймақтарына экспорттауға мүмкіндік береді.

1. Жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісінің қазіргі заманғы жай-күйін талдау

Жүзім шаруашылығы және онымен сабақтас жүретін өнімді қайта өңдеуімен ауыл шаруашылығы өндірісінің мейлінше тиімді салаларының бірі болып табылады. Мысалға, жүзім шаруашылығы үшін мейлінше қолайлы аймақта (Оңтүстік Қазақстан облысында) жүзімдіктің бір гектары мақталықтың бір гектарына қарағанда 6-7 есе көп байланысты табыс келтіреді.

Қазақстанда 50-ші жылдардың аяғында - 60 жылдардың басында республиканың оңтүстігінде және оңтүстік шығысында мамандандырылған жеміс-жүзім шаруашылықтары желісін ұйымдастырудан өнеркәсіптік жүзім шаруашылығының дамуы басталды. Осы кезеңде республикадағы жүзімдіктің алаңы бірнеше есе өсіп, 80-ші жылдардың ортасында 26 мың гектарға жетті.

Жүзімдіктерді табиғи аймақтар бойынша орналастыруда жіберілген елеулі кемшіліктерге қарамастан, Қазақстанда жүзімнің жалпы жиналымы климаттық

жағдайлар бойынша қолайлы жылдарда 150-200 мың тоннаға, ал шарап өндірісі 15 млн. аса декалитрге (далға) жетті.

Саланың жастығына қарамастан, Қазақстан шарап жасау ісінде едәуір табыстарға жетті. Бүкілодақтық және халықаралық конкурстарда қазақстан шараптары алған ондаған медальдар осының айғағы ("Рислинг", "Есік", "Шелек", "Целинное", "Ақбұлақ" және бірқатар басқалары).

Қазақстан жүзімшілері 1980-1990 жылдары тек күшті үсік түсуінен, екі рет 100 мың тоннадан кем жүзім жинады. Қалған жылдары жылына орташа 150 мың тонна жүзім жиналды, ал қолайлы 1980, 1981 және 1983 жылдары оның өндірісі тиістіше 172,3; 197,7 және 193,3 мың тоннаға жеткен.

Мамандандырылған жеміс-жүзім шаруашылықтарының әрқайсысында бастапқы шарап материалдарының болуы Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісінің табысты дамуына ықпал етті, олар кейін қайталама шарап жасау заводтарына берілді. Бұл жылдары шарап өндірісі 12-15 млн. далға жетті. Өндірістің осы көлемі саланың жоғары тиімділігін қамтамасыз етті.

Аты шулы "алкогольсіз саясат" республиканың жеміс-жүзім шаруашылықтары экономикасын едәуір бүлдірді. 1985 жылдан бастап соңғы уақытқа дейін республикада жүзім мен шарап өндірісі үнемі төмендеп келді және ол қазіргі уақытта ең жақсы жылдары өндірілген көлемнің 10%-ан төмен болып отыр.

Нарықтық экономикаға көшудің бастапқы кезеңіндегі өнеркәсіп және ауыл шаруашылық тауарлары бағаларының сәйкессіздігі және салықтың жоғары деңгейі ауыл шаруашылығы өндірісінде ауыр зардаптарға әкелді. Бұдан басқа, жүзім шаруашылығы дәстүрімен еңбек жұмсалуды жоғары ерекшеленетіндіктен, саланың түпкі өнімі - шарап пен шарап материалдарына қосымша акциз салығы енгізілген болатын.

Арнайы техниканың көп саны қажет екенін ескерсек, мұндай экономикалық жағдайларда шаруашылықтардың көпшілігінің жүзім шаруашылығын жүргізуге шамасы келмеді. Жүзімдіктер тиісті күтімсіз қалып, бұл олардың өнімділігін күрт төмендетті.

1998 және 1999 жылдарда іс жүзінде жүзімнің бар өнімінің ысырап болуына әкелген, нарықтық экономикаға көшу жылдарында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысының бүкіл аумағында, іс жүзінде жүзім және жеміс көшеттерінің бірнеше рет кеш түскен залалды көктемгі үсікке ұшырауымен жағдай тереңдей түсті.

Жер алқаптарын пайдаланудан барынша тез қайтарым алуға ұмтыла отырып, көптеген шаруашылықтар жүзімдіктерді түбірінен құрта бастаған. Егер 80-ші жылдардың аяғында Қазақстандағы жүзімдіктердің алаңы 26 мыңнан аса гектарға, соның ішінде қоғамдық секторда 24-25 мың гектарға жетсе, 1999 жылы

ол меншіктің барлық санаттары бойынша тек 10,3 мың гектар болған.

Осының салдарынан Қазақстан рыногы іс жүзінде көбіне сапасы төмен импорттық шарап материалдарымен толығып келеді. Отандық шарап маркасымен импорттық шарап материалдары дайындалатын жағдайлар аз емес.

Қазіргі уақытта да жүзім көшеттері алаңының қысқару үрдісі сақталып отыр. Жүзім және тиісінше шарап материалдары өндірісі аймақтарға және өсу жағдайларына қарай соңғы он жылдықтың әр жылында 5-10 есе құлдыраған. Бастапқы шарап жасау зауыттары шикізаттың жоқтығынан қуатының тек 10-15% -на жүктемесі бар, олардың құрал-жабдығы моральдық және түрі жағынан е с к і р г е н .

Өңдеуден қол үзген және шарап жасау ісінде пайданы бөлуге қатыспайтын шаруашылық субъектілері жүзімді тауарлы баптауға мүдделі болмай отыр. Бұл қарапайым есеппен қуатталып отыр - 1 кг жүзімнің көтерме бағасы 12-15 теңге, шарап материалының литрі - 60-70 теңге, шараптың литрі - 200-220 теңге, ал жоғары сапалы маркілі шараптың бағасы одан да жоғары - 400-500 теңге.

Өткен жылдары жүзім көшеттерін орналастыру үшін табиғи аймақтарды таңдау мәселесіне тиісті мән берілмеді. Мысалға, жете ойластырылмай орналастырудың салдарынан, осы сала үшін дәстүрлі емес Жамбыл облысында 5 мың гектардан аса тауарлы жүзімдік егілген. Жүзім өнімінің едәуір бөлігінің үнемі ысырап болуына әкеліп отырған, кешен көктемгі кезең ызғарының жыл сайын дерлік қайтып соғуы осы аймақ климатының ерекшеліктерінің бірі болып отыр. Бұдан басқа, облыс аудандарының барлығы бірдей бүршік жарар кезеңде жеткілікті жылумен қамтамасыз етіле алмайды, осы аймақтағы көптеген жерлер сортаң тартқан және күшті техногендік ластануға ұшыраған.

Жүзімді баптау және қайта өңдеу - жұмысшылар мен мамандардың арнайы білімін, тәжірибесін және кәсіби дағдысын қажет ететін күрделі, еңбек көп жұмсалатын технологиялық процесс.

Осының нәтижесінде облыста бірнеше ондаған жылдар бойы тауарлы жүзім шаруашылығы үнемі шығынды болып қалып отыр. Жабық суармалы жүзім шаруашылығында бастапқы рентабелділік гектарына кемі 45-50 центнер өніммен қамтамасыз етілсе, көшеттердің орташа жылдық өнімділігі гектарына 30 центнерден аспайды.

Алматы облысының климаттық жағдайлары Жамбыл облысы жағдайына ұқсас. Алайда, мұнда шикізатпен қамтамасыз етілуі қажет, бастапқы шарап жасау ісі заводтарының кең тараған желісі бар. Сонымен қатар, бұл аймақтың жүзім өндірісінде бай дәстүрі, жақсы ғылыми қамтамасыз етілуі, еңбек ресурстары және тәжірибелі кадрлары бар.

8-10 мың гектар жүзімдіктері, бүршік жару кезеңінде неғұрлым жоғары температуралық режимі бар, көктемгі үсігі аз, егін шаруашылығы саласында

орнықты дәстүрі бар Оңтүстік Қазақстан облысында гектарынан 99-102 центнер деңгейінде, ал бірқатар шаруашылықтарда гектарынан 250-300 центнерге дейін және одан да жоғары жүзімдіктің орташа өнімділігіне жетуге мүмкіндік берді.

1985 жылға дейін Қазақ жеміс-жейдек және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (ҚазЖЖҒЗИ) қарауындағы екі мамандандырылған тұқымдық шаруашылық (қазір - "Мерке" РМҚК және "Сарыағаш" РМҚК) қоса алғанда жылына 3 млн. дейін жүзім көшетін өндірген. Қазіргі уақытта саладағы дағдарыстан және тиісінше сұраныстың болмауынан, олар іс жүзінде отырғызу материалдары өндірісін тоқтатқан.

Жыл өткен сайын ғылыми зерттеулерді бюджеттік қаржыландырудың едәуір қысқарып отырғанын, ал шаруашылық субъектілері өздігінен ғылыми зерттеулердің қызметтеріне ақы төлеуге шамасы келмей отырғанын атап өткен жөн.

Сонымен бірге, жүзімді қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар жүзім шаруашылығына қарағанда өндірістің тоқырауына және шикізатпен жеткіліксіз жүктелуіне қарамастан, тұтастай, өз құрылымын, құрал-жабдығын, мамандарын сақтаған. Соңғы уақытта бір қатар жекешелендірілген кәсіпорындарда құю желілері орнатылған. Шарап жасау кәсіпорындары қайта жаңартуды және тозған құрал-жабдықты ауыстыруды қажет етіп отырса да, шикізат болған жағдайда, олардың көпшілігі қазірдің өзінде қалыпты жұмыс істей алады.

Осылайша, саланы жедел қалпына келтіруге және дамытуға кедергі болып отырған негізгі проблемаларға:

салаға инвестициялардың болмауы, жүзім шарап жасау ісі саласының техникалық және технологиялық жай-күйінің төмен деңгейін, құрал-жабдықтың моральдық және түрі жағынан тозуын;

жүзім көшеттері алаңының қысқаруын, жүзімнің жоғары сапалы және жоғары өнімді сорттарының отырғызу материалдары өндірісінің күрт қысқаруын;

бастапқы шарап жасау кәсіпорындарының ауыр қаржылық жағдайын, бюджет және берушілер алдындағы борыштарды;

өзіндік айналым қаражатының жеткіліксіздігін, өтімді кепіл мүлкінің болмауынан, несиелендірудің жоғары ставкаларынан, оларды банктердің несиелері есебінен толықтырудың мүмкін еместігін жатқызуға болады.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Осы Бағдарламаның негізгі мақсаты жоғары сапалы отандық шикізаттың қажетті санының өндірісі негізінде Қазақстанда бастапқы шарап жасау ісін өркендету және дамыту болып табылады.

Тек нақты және мақсатты бағытталған шараларды, сондай-ақ саланы қолдауға

және дамытуға бағытталған ғылыми-негізделген іс-шараларды іске асыру жағдайында ғана Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісі саласын қалпына келтірілуі және одан әрі дамуы мүмкін.

Солардың бірі тауарлы жүзімдіктерді қазіргі уақытта тек қажетті өндірістік және кадрлық әлеуеті бар, табиғи жағдайлары жүзім баптаудың талаптарына мейлінше толық сай келетін аудандарда орналастыру болып табылады.

Соңғы үш жылда жүзім шарабы және шарап материалдары ішкі рыногының сыйымдылығы орташа 76,5 мың литр болған. Жүзімді тұтынудың ұтымды нормаларын (21,6 кг) ескере отырып республикада жүзімді тұтынудың жалпы көлемі 324 мың тонна құрайды.

Өнімнің 70% шарап және шарап материалдары өндірісіне жіберілетінін негізге алсақ, саланың шикізатпен қамтамасыз ету үшін жүзімге қажеттілігі 226,8 мың тонна құрайды. Гектарынан 9 тонна орташа өнімділік жағдайында жүзімнің мұндай санының өндірісі үшін жүзімдіктерді 25,2 мың гектар алаңда орналастыру қажет болады.

Қойылған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттерді шешу көзделуде:

жүзімдік алқаптарын қалпына келтіру және жаңаларын отырғызу;

жүзімнің таза сорттарын өсіру үшін питомниктерді дамыту;

жүзім өсіретін шаруашылықтардың және таза шарап өндіретін кәсіпорындардың технологиялық және техникалық артта қалуын жою;

сапасы мен ассортиментін жақсарту, өндірістің және бағаның шығасылығын төмендету есебінен отандық шарап жасау ісі өнімінің бәсекелестік қабілетін арттыру;

отандық тауар өндірушілерді теріс пиғылды импорттан қорғауды қамтамасыз ету, отандық тауарларды сыртқы тауар рыноктарына жылжыту, белсенді маркетинг саясатын жүргізу;

салаға инвестициялар тартуды ынталандыратын жағдайлар жасау.

3. Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін дамытудың негізгі бағыттары

Бағдарлама Қазақстанның оңтүстік аймақтарында тауарлы жүзімдіктерді кешенді қалпына келтіруге және дамытуға, шарап материалдары және отандық маркалы шараптар өндірісін ұлғайтуға, саланың технологиялық және техникалық артта қалуын жоюға, ішкі және сыртқы рыноктарда отандық шараптардың бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісі дамуының әлемдік тәжірибесі мен үрдістері саланың қалыптасуының және тұрақты жұмыс істеуінің негізгі жолы өндірісті тығыз жүргізуде жатқанын көрсетіп отыр, оның түпкі мақсаты

көшеттердің жоғары өнімділігі және шарап жасау ісі өнімінің тамаша сапасы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Егер социалистік экономика жағдайларында саланың рентабельділігі жүзімдіктердің жылына гектарынан 50-60 центнер орташа өнімділігімен қамтамасыз етілсе, қазіргі жағдайларда шаруашылық субъектілерінің өнімдері мұндай өнімділікпен бәсекелес қабілетті бола алмайды.

Бұл, әсіресе кей кездегі суықтан өнімнің бір бөлігінің құруына әкеліп отыратын, республиканың оңтүстік шығыс аймақтарына қатысты. Мұнда басым түрде жүзімнің техникалық сорттарын баптау ісіне ден қою қажет, бұл өнімнің бір бөлігі суықтан зая болған жағдайда кәсіпорындардың экономикасын өткен жылдардың өнімдері шараптарын өткізу есебінен қолдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте жүзімдіктердің 90%-на дейіні пісіп-жетілуі және пайдалану бағыттары әр түрлі мерзімдердің техникалық сорттары болғаны жөн.

Жамбыл облысында жүзімдіктердің бұрынғы алаңын қалпына келтірудің реті жоқ. Мұнда аймақтағы заводтардың қуаттарын шикізатпен қамтамасыз ету үшін қазіргі алаңды 1,5-2 мың гектарға дейін біршама дамыта отырып, (1 мың гектарға жуық) қайта жаңартудан өткізу мейлінше дұрыс болады.

Оңтүстік Қазақстан облысында тауарлы жүзімдіктер алаңын қалпына келтіру және дамыту үшін жағдайлар жасау мейлінше орынды болмақ. Бұл ретте асханалық жүзім, сондай-ақ қатты және десертті шараптар өндірісін, бұрынғыша, облыстың оңтүстік аудандарында шоғырландыру қажет.

Сонымен бір мезгілде, Түлкібас және Сайрам аудандарының тау бөктеріндегі жерлерінде жүзімдіктердің алаңын едәуір кеңейту қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысының осы аймағындағы климаттық жағдайлар тек жоғары сортты асханалық емес, тіпті ақ қайраң шарап материалдарын да өндіруге мүмкіндік береді. Мұнда салыстырмалы жоғары жылумен қамтамасыз етумен бірге (белсенді температураның жиынтығы 3600 градус жоғары), қысқы уақытта жүзімді жатқызу тәсілін қолдануға мүмкіндік беретін салыстырмалы тұрақты қардың қабаты қамтамасыз етіледі (қардың астында жерді көмусіз қ а л д ы р у) .

Жүзімді күтудің осы түрі еңбек көп жұмсалатын жұмыстар технологиясын едәуір жеңілдетуге және көктемгі дала жұмыстарын жүргізу кезеңін кеңейтуге мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы салада ең тұрақты және жоғары рентабельді шаруашылықтардың бірі болған, Түлкібас ауданының бұрынғы Мичурин атындағы кеңшардың жетістіктері осының дәлелі бола алады.

Осыған ұқсас жүзімді жатқыза дамыту мәдениеті үшін жағдайлары бар Алматы облысында да жүзім шаруашылығын дамыту қажет. Сонымен қатар, бұл салада кейбір сорттарды тіректі пайдаланусыз баптауға болатын жерлер бар, мұның өсіру технологиясының материал мен еңбек көп жұмсалуын едәуір

төмендете отырып, бастырмалы жүзім шаруашылығында зор маңызы бар.

Республиканың қалған аймақтарында қыс уақытының қатаңдығынан және бұршік жару кезеңіндегі жеткіліксіз жылумен қамтамасыз етілуінен тауарлы жүзім шаруашылығын дамыту үшін жағдайлар жоқ.

Ыстық климаты бар Қызылорда облысын ерекшелеуге болар еді, алайда күріш дақылының басымдығымен және осымен байланысты маңайдағы жерлердің сортандануымен байланысты, мұнда бұрын тауарлы жүзімді дамытудағы әрекеттер табысты болмады. Дегенмен, облыстың жекелеген шаруашылық субъектілері тарапынан мұндай қызметті толық жоққа шығаруға б о л м а й д ы .

Жеке қарауында жүзімдіктері бар тауар өндірушілерді және қайта өңдеу кәсіпорындарын (фирмалар, қауымдастықтар, серіктестік шаруашылықтар) басымды дамыту саланы табысты қалпына келтірудің маңызы еш кем емес шарты болып табылады. Мұнда өндіріс тиімділігін арттыру үшін өзіндік құю ж е л і л е р і н о р н а т у қ а ж е т .

Асханалық жүзімнің негізгі өндірісін шағын жүзімдіктері бар өндірушілер қамтамасыз етуге тиісті. Жүзімді қайта өңдеу үшін өзіндік базалары жоқ жекелеген шаруа және фермер шаруашылықтары серіктестік негізінде қайта өңдеу кәсіпорындарын толтыру үшін асханалық сорттар өндірісінің біраз бөлігін өздеріне алуы мүмкін. Мұнда, сондай-ақ, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы қалалар маңында он мыңдап саналатын саяжайлар және қосалқы телімдер де едәуір рөл атқаратын болады.

Жүзім баптау технологиясына бірнеше ондаған операция кіреді және ауыл шаруашылығы машиналарының тұтас тобы кіретін механизация жүйесімен бекуге тиісті, бұлардың өндірісі Қазақстанда жоқ десек, ТМД елдерінде толық дерлік тоқтатылған. Алыс шетелдердің жүзімдіктер өндейтін машиналары, көбінесе Қазақстан жағдайына бейімделмеген және отандық түрінен едәуір өзгеше баптау технологиясына арналған.

Сондықтан, Қазақстанда жүзім шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаның басым бағыттарының бірі отандық кәсіпорындарда машиналар мен тетіктердің негізгі номенклатурасы өндірісін ұйымдастыру болуға тиісті. Олардың қатарына әмбебап түрендер, жүзім бұталарын бүркеу және ашу тетіктері, собық жинағыштар, шпалер бағаналарын сығымдағыштар, өнім тасымалдау тетіктерінің құралдары және басқалары жатады. Саланы мемлекеттік қолдау тұрғысында қауымдастықтар мен кооперативтерге біріккен шаруашылық субъектілерінің үлестік қатысуымен лизинг шарттарымен және машина-технологиялық станциялар (МТС) құру жолымен қажетті ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу ұйымдастырылуы мүмкін.

ҚазЖЖҒЗИ қарауындағы "Мерке" РМҚК және "Сарыағаш" РМҚК

питомниктері негізінде отырғызу материалдары өндірісін қалпына келтіру Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қайта өркендету бағдарламасын табысты орындаудың бұлжымас шарты болуға тиісті. Осы шаруашылықтарда отырғызу материалдарының негізгі денін шоғырландыру, өзгесінен басқа, Қазақстанда жүзім шаруашылығының сорттық саясатын мақсатты бағыттап жүргізуге мүмкіндік береді.

Жүзімдіктердің қажетті және жеткілікті алаңын қалпына келтіру бөлігінде Бағдарламаны табысты орындау үшін шаруашылықтардың экономикалық негізін нығайту жөнінде жағдайлар жасалуы тиіс.

Жүзімнің жалпы жиналымын және өндіріс тиімділігін арттыру үшін көшеттерді отырғызуды және күтуді ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені пайдалана отырып жүзеге асырған жөн. Бұл ретте Қазақстандағы жүзім шаруашылығы қажетті тәжірибесі және тиісті біліктілігі бар, ҚазЖЖҒЗИ-ің және ішінара, Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қолда бар әзірлемелерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Жүзімдіктер салуға бөлінген телімдерді экологиялық және агрохимиялық бағалау, оңтайлы су-қоректік күйін жақсарту және одан әрі ұстап тұруы және басқалары кіретін, ҚазЖЖҒЗИ-ің ғылыми негізді қорытындылары негізінде жаңа жүзімдіктер салынуға және ескілері қайта жаңартылуға тиісті.

Бұтаның саясын тікелей күту жөніндегі жұмыс жүзім баптау технологиясының негізі болып табылатындықтан, ҚазЖЖҒЗИ технологияның еңбек көп жұмсалуды едәуір төмендетуді қамтамасыз ететін, бұталаудың және қалыптастырудың осы заманғы жүйелерін енгізу жөнінде ұсынымдар әзірлеуге және авторлық қадағалауды жүзеге асыруға тиісті.

Саланы дағдарыстан шығару жөніндегі міндеттердің табысты орындалуы, әсіресе жүзімнің техникалық сорттарына қатысты ойластырылған сорттық саясат жүргізілуін пайымдайды. Бұл егер, Қазақстанда өндірілетін шараптың тек санына емес жоғары сапасына баса назар аударылған жағдайда өз рыногымызды қайтаруға, сондай-ақ әлемдік рынокқа шығуға болатындығымен түсіндіріледі.

Бұл үшін, сондай-ақ беделін ұстап тұру үшін жаңа жүзімдіктер отырғызу тек шарап материалдарының ең жоғары сапасын қамтамасыз ететін сорттармен қ а м т а м а с ы з е т і л у і қ а ж е т .

Институт өзіндегі осы заманғы ғылыми-өндірістік базасында биотехнология әдістерін пайдаланумен көбейте отыра және питомниктерде одан әрі көбейту үшін бере отырып, жүзімдіктің жаңа бағалы сорттарын енгізуге ұсынуға тиісті.

Бағалы сорттар алаңының өсірілуі жүзімнің аралас сорттар деп аталатындарын жою, сондай-ақ өнімді болса да, шарап жасау ісі үшін нашар " Баян Шірек", "Тербаш" және басқа сорттарын азайту арқылы жүзеге асырылуға тиісті.

4. Бағдарламаны іске асырудың шаралары және тетіктері

Бағдарламада қойылған міндеттерді шешу үшін мына шараларды жүзеге асыру қажет:

тауарлы жүзімдіктерді тек табиғи жағдайлары жүзім баптау талаптарына мейлінше сай келетін аудандарда орналастыру, жүзімдіктерді аймақтар ішінде табиғи аймақтар бойынша саралап дамыту;

тұқымдардың жаңа бағалы сорттарының таза сортты отырғызу материалын өсіру жөніндегі жүзім питомниктерін қалпына келтіру;

таза сортты жүзім және бастапқы шарап жасау ісі өндірісіне тікелей инвестициялар тарту;

көктемгі егіс және жиын-терін жұмыстарын жүргізу үшін аймақтарды пайызсыз жеңілдікті несиелендіру көзделетін, "Жергілікті бюджеттердің ағымдағы жылдағы несиелер бағдарламаларын" іске асыру кезінде жүзім шаруашылықтарының егіс және жиын-терін жұмыстарын жүргізуге жанар-жағармай материалдарына қажетінің есебі;

жүзім баптауда қажетті ауыл шаруашылық техникасының тізбесін айқындау және отандық машина құрылысы кәсіпорындарында өндірісін ұйымдастыру;

үкіметаралық келісімдерді негізге ала отырып, шекті деңгейде импорттық кеден баждары ставкаларын белгілеу үшін жүзім шаруашылығында пайдаланылатын және Қазақстанда өндірілмейтін гербицидтер, пестицидтер, химикаттар және тыңайтқыштар тізбесін айқындау.

Бағдарламаны іске асыру кезінде жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтіру және дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау үшін негізгі тетіктер:

қолданыстағы заңнама негізінде ішкі рынокты теріс пиғылды бәсекелестіктен қорғау;

кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық сауықтыру тетіктерін, ISO 9000 сәйкестік сапа басқару жүйесін енгізуді қоса алғанда, сала кәсіпорындарының тартымдылығын және олар өндіретін өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру жөніндегі шаралар және басқалары;

осы бағдарламамен айқындалған мейлінше тиімді жобаларды отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы шеңберінде жеңілдікті несиелендіру жолымен байыпты көтермелеу және бастапқы инвестициялық қолдау болады.

Жүзімдік отырғызылатын жерлердің табиғи жағдайлары сияқты, ұйымдастыру-шаруашылық ерекшеліктерін де көрсететін ғылыми-өндірістік сараптама негізінде "Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеу ережелері туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қыркүйектегі N 1384 қаулысымен айқындалған ережелерге сәйкес несиелендіру жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Бағдарламаны іске асырудың ғылыми-өндірістік сараптамасы жүзеге асыратын болады.

Сондай-ақ жүзімдіктердің шаруашылық субъектілері үшін кеш қайтарымы салдарынан, алынатын несиені мейлінше тез қайтарымды басқа ауыл шаруашылық дақылдарын (картоп, техникалық дақыл) баптауға жіберу құлығы зор екенін ескеру қажет.

Несиелердің мақсаттан тыс пайдаланылуын болдырмау үшін, яғни, қаражаттың бір бөлігін таңдаулы тұқымды отырғызу материалын дайындауға және сатып алуға міндетті бағыттап отырып несиелік ресурстардың бір бөлігін байланыстыру тетігі көзделетін болады. Бұл, сондай-ақ, қазіргі уақытта іс жүзінде толық бұзылған, отырғызу материалдарын өндірушілердің экономикалық негізін нығайтуға ықпал ететін болады.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асырудың алғашқы кезеңінде қазіргі қолда бар жүзімдіктерді ретке келтіру жөн деп табылуда (өнімсіз сүрегін алып тастай отырып мұқият санитарлық қырку, арам шөптермен, зиянкестермен және аурулармен күрес, бастырмаларды жөндеу, су-қоректік күйін түбегейлі жақсарту). Бұл көшеттердің өнімділігін және шарап заводтары жұмысының тиімділігін едәуір арттыруға, ал алынған табыстың бір бөлігін бұдан арғы ұдайы өндіріске бағыттауға мүмкіндік береді.

Сонымен бір мезгілде, тіпті, күмәнды болжамдардан шыққанда да, Қазақстан Республикасының ішкі рыногының қажетін қанағаттандыру үшін таяу болашақта өнеркәсіптік жүзімдіктердің қолда бар алаңын және жүзімді қайта өңдеу көлемдерін қалпына келтіру мақсатымен жаңа көшеттер отырғызу қажет (1-кесте)

Жүзімдіктер салу үлкен жұмсалымды қажет етеді, сондықтан алдағы перспективада (әрі дегенде 2010 жылға дейін) көшеттер алаңын кеңейтудің көлемі бұрын қол жеткен 25-26 мың гектардан аспауға тиісті. Бұл осы алаңдарды, бұрын жүзімдіктер түбірлеп алып тасталған жерлерде, яғни, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілген, осы дақылмен жұмыс істеу тәжірибесі бар және осы жерлердегі қайта өңдеу кәсіпорындарына байланыстырылған аудандарда, жерді күрделі жоспарлауға едәуір шығындарсыз салуға болатындығымен түсіндіріледі.

Жүзімдікке жаңа жерлерді игеру үлкен қаражатты және ірі ұйымдастыру проблемаларын шешуді қажет етеді. Бұл едәуір алыс болашақтағы іс.

1-кесте

**Қазақстанда жүзімдіктер алаңын
2000-2010 жылдардағы кезеңде дамытудың серпіні**

(мың гектар)

Облыстар	! 1999 есеп		! 2000 есеп		! 2001 бағалау!		! 2002 болжам	
	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!
	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс
	!лығы	!бере.	!лығы	!бере.	!лығы	!бере.	!лығы	!бере.
	! тіні!	! тіні!	! тіні!	! тіні!				
Алматы	3,9	3,8	4,0	3,9	4,2	3,9	4,5	3,9
Жамбыл	1,0	0,6	1,0	0,7	1,1	0,8	1,2	0,9
Оңтүстік Қазақстан	5,1	4,5	5,6	5,1	6,0	5,2	6,4	5,3
Өзге облыстар	0,3	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Қазақстан	10,3	9,1	10,9	10,0	11,6	10,2	12,4	10,4
Р е с п у б л и к а с ы								
(б а р л ы ғ ы)								

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

	!2003 болжам		!2004 болжам		!2005 болжам		! 2006 болжам	
	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!	! _____!
	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс
	!лығы	!бере.	!лығы	!бере.	!лығы	!береті.	!лығы	!бере.
	! тіні!	! тіні!	! тіні!	! тіні!	! ні!	! тіні!		
Алматы	4,8	3,9	5,2	4,0	5,6	4,2	6,0	4,5
Жамбыл	1,3	1,0	1,4	1,0	1,5	1,1	1,6	1,2
Оңтүстік Қазақстан	6,9	5,4	7,6	5,6	8,3	6,0	9,1	6,4
Өзге облыстар	0,3	0,3	0,4	0,3	0,45	0,3	0,5	0,4
Қазақстан	13,35	10,6	14,6	10,9	15,85	11,6	17,2	12,5
Р е с п у б л и к а с ы								
(б а р л ы ғ ы)								

	!2007 болжам		!2008 болжам		!2009 болжам		! 2010 болжам	
	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс	!бар.	!жеміс
	!лығы	!бере.	!лығы	!бере.	!лығы	!береті.	!лығы	!бере.
	!	!тіні	!	!тіні	!	!ні	!	!тіні
	!	!	!	!	!	!	!	!
Алматы	6,5	4,8	7,2	5,2	8,0	5,6	9,0	6,0
Жамбыл	1,7	1,3	1,8	1,4	1,9	1,5	2,0	1,6
Оңтүстік Қазақстан	10,0	6,9	11,0	7,6	12,2	8,2	13,5	9,1
Өзге облыстар	0,6	0,4	0,7	0,4	0,8	0,45	1,0	0,5
Қазақстан	18,8	13,4	20,7	14,6	22,9	15,85	25,5	17,2
Р е с п у б л и к а с ы								
(б а р л ы ғ ы)								

2001-2010 жылдар ішінде жүзімдіктердің қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл үшін республикада 5 мыңнан аса гектар көшет отырғызу (2-3 кестелер) және қазіргі бар көшеттерді қалпына келтіру қажет.

Осылайша, осы Бағдарламада көзделген жүзім өндірісі деңгейі тек 2010 жылға дейін есептелген, бұл кезде көшеттердің 25,5 мың гектар жалпы алаңында жеміс беретіні 17,2 мың гектар немесе 67,5% болады.

Тұтастай республика бойынша қазіргі бар жүзімдіктердің өнімділігінің және жалпы өндірістің тез өсуіне үміт арту қиын.

Бұл, салада созылған дағдарыстың келеңсіз әсерімен қоса, соңғы екі жылда республикада барлық жерде жүзім өнімінің іс жүзінде суықтан толық құруымен түсіндірілуде.

Қаржы тапшылығы жағдайында, шаруашылық субъектілері көптеген жағдайда, іс жүзінде жүзім көшеттерін күтуді тоқтатқан, бұл таяу 2 жылда олардың өнімділігіне келеңсіз әсер ететін болады. Бұл ретте жаңадан салынатын көшеттер тек 4 жылдан кейін тауарлық жеміс бере бастайтын болады.

Сондықтан, жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін дамыту бағдарламасын іске асырудың алғашқы жылдарында гектарынан 5-6 тоннадан аспайтын жүзім алуға нақты есеп жасауға болады (4-кесте). Бұл деңгей жеміс беру кезеңіндегі аса қолайлы климаттық жағдайлардан, негізінен, Оңтүстік

Қазақстан облысында жүзім өндірісімен қамтамасыз етілетін болады.

Көшеттер алаңының күшті қысқаруынан 2001 жылы тұтастай республика бойынша 56,2 - 61,8 мың тоннадан көп емес жүзім алынуы мүмкін.

Өнімділіктің артуына қарамастан, республикада жүзімнің жалпы жиналымы бірнеше жыл бойы төмен қарқынмен өсетін болады. Мысалға, жеткілікті жоғары өнімділіктің өзінде, тіпті, 80-шы жылдар басындағы өндіріс көлемінің жартысына 2005-2006 жылдардан ерте жету мүмкін емес. Бірақ, тек егер, 2001 жылы жүзімдіктерді күту түбегейлі жақсарған жағдайда, жүзім жинаудың осы көлеміне қол жеткізуге болады.

Тек, 2001-2004 жылдарғы жаңа отырғызулар тауарлық жеміс беру кезеңіне енгеннен кейін ғана жүзім өндірісінде едәуір "секіріс" болуы мүмкін.

2-кесте

Қазақстанда 2000-2010 жылдар кезеңінде жүзімдіктер отырғызудың көлемі

(мың гектар)

Облыстар	!2000 !	2001 !	!2002 !	2003 !	2004 !	2005 !	2006 !
	!есеп !	!бағалау !	!болжам!	!болжам!	!болжам !	!болжам !	! болжам !
Алматы	0,1	0,2	0,3	0,3	0,4	0,4	0,4
Жамбыл	-	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Оңтүстік Қазақстан	0,5	0,5	0,4	0,5	0,7	0,7	0,7
Өзге облыстар	-	-	-	0,05	0,05	0,05	0,05
Қазақстан	0,6	0,8	0,8	0,95	1,25	1,25	1,35
Р е с п у б л и к а с ы							
(б а р л ы ғ ы)							

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Облыстар	! 2007 !	2008 !	!2009 !	2010 !	2000-2010 жж.
	!болжам !	!болжам !	!болжам !	!болжам !	барлығы
	!	!	!	!	!

Алматы	0,5	0,7	0,8	1,0	5,1
Жамбыл	0,1	0,1	0,1	0,1	1,0
Оңтүстік Қазақстан	0,9	1,0	1,2	1,3	8,4
Өзге облыстар	0,1	0,1	0,1	0,2	0,7
Қазақстан (б а р л ы ғ ы)	1,6	1,9	2,2	2,6	15,2

3-кесте

Отырғызылатын материалдарға қажеттілік (гектарына 2,5 мың данадан есептегенде) мың дана

Облыстар	!2000 !	2001 !	!2002 !	2003 !	2004 !	2005 !	2006 !
	есеп	бағалау	болжам	болжам	болжам	болжам	болжам
Алматы	250	500	750	750	1000	1000	1000
Жамбыл	-	250	250	250	250	250	250
Оңтүстік Қазақстан	1250	1250	1000	1250	1750	1750	1750
Өзге облыстар	-	-	-	125	125	125	125
Қазақстан	1500	2000	2000	2375	3125	3125	3125
Р е с п у б л и к а с ы (б а р л ы ғ ы)							

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Облыстар	! 2007 !	2008 !	!2009 !	2010 !	2000-2010 жж. барлығы
Алматы	1250	1750	2000	2500	12750
Жамбыл	250	250	250	250	250
Оңтүстік Қазақстан	2250	2500	3000	3250	21000
Өзге облыстар	250	250	250	500	1750

	!	!сім !	!сім !	!сім !	!сім !	!сім !	!сім !	!сім !	!мың !
	!	!мың !	!мың !	!мың !	!мың !	!мың !	!мың !	!мың !	!т. !
	!	!т !	!т !	!т !	!т !	!т !	!т !	!т !	!т !
Алматы	6,5	26,0	7,0	29,4	7,5	33,7	8,0	38,4	
Жамбыл	4,5	4,5	5,0	5,5	5,5	6,6	6,0	7,8	
Оңтүстік Қазақстан	9,0	50,4	10,0	60,0	10,5	67,2	11,0	75,9	
Өзге облыстар	4,5	1,35	5,0	1,5	5,5	2,2	6,0	2,4	
Қазақстан бойынша	7,5	82,2	8,3	96,4	8,7	109,7	9,3	124,5	

(б а р л ы ғ ы)

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

	!	2008 болжам	!	2009 болжам	!	2010 болжам
	!	Түсім, Жалпы	!	Түсім, Жалпы	!	Түсім, Жалпы
	!	Т/га түсім	!	Т/га түсім	!	Т/га түсім
	!	мың т	!	мың т	!	мың т
Алматы	9,0	46,8	9,5	53,2	10,0	60,0
Жамбыл	6,5	9,1	7,0	10,5	7,5	9,0
Оңтүстік Қазақстан	12,0	91,2	12,5	102,5	13,0	118,3
Өзге облыстар	6,5	2,6	7,0	3,15	7,5	3,75
Қазақстан бойынша	10,2	149,7	10,6	169,3	11,1	191,0

(б а р л ы ғ ы)

Қолда бар жүзім егістіктерімен бірге бұл 2008 жылы өнім өндірудің 80-інші жылдардың басындағы деңгейіне, ал 2010 жылға қарай 2005-2007 жылдары отырғызылған көшеттер жеміс бере бастағаннан кейін 1983 жылғы бұрынғы рекордтық деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

Кешірек отырғызылған (2007-2010 жылдардағы) көшеттер жеміс бере бастаған жүзім өндіруді 2013-2014 жылдарға қарай тіпті ескі жүзім егістіктерінің бір бөлігін қайта жаңартқан жағдайдың өзінде жылына 240-250 мың тоннаға

жеткізуге болады.

Жүзім өсірудің артуына байланысты тиісінше шарап материалдарын өндіру де ұлғаятын болады (5-кесте).

Кестелерде келтірілген шарап материалдарын өндірудің көлемі шарап жасау ісіне республикадағы жүзімнің жалпы өнімінің шамамен 90%-ы, бұл ретте орташа өнім үшін құрғақ шарап материалдарының 70%-ы жұмсалатындығына негізделіп есептелген.

Қайта өңдеуге жіберілетін жүзім өнімінің осыншама жоғары үлесі жүзім егістері өнімдігінің елеулі ауытқуларына әкелетін күрт континентальдық климат жағдайындағы жабық жүзім шаруашылығының күрделі жағдайында шарап жасау өткен жылдардағы қорының есебінен климаттың тұтасымен алғанда саланың қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне әсерін бәсеңдете алатынына негізделеді.

Сірә, Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде Қазақстанда басым түсетін сорт - өнімділігі бойынша неғұрлым тұрақты және өсіп-жетілу жағдайлары мен қолданылатын агротехникаға күй талғамайтын "Ркацители" болады. Одан бәсекеге әбден қабілетті шарап дайындауға болады, ол асханалық сорт есебінде де пайдаланыла алады.

Одан әрі егіс көшеттерінің құрылымында "Саперави", "Алиготи" сияқты жоғары сапалы, сондай-ақ жоғары өнімділігімен ерекшеленетін сорттардың үлесі едәуір артатын болады.

Салыстырмалы алғанда, жоғары емес егіс түсімділігіне қарамастан, "Рислинг", "Қара пино" және іс жүзінде, жүзім егістіктерінен жойылып кеткен "Каберне Фран" сорты егістерінің көлемі ұлғайтылатын болады. Бұл сорттар өте жақсы асханалық шараптар береді және, бұдан басқа, оларсыз сәл ертеректе Қазақстанда шығарылған шампан шарабының бұрынғы даңқын қайтару мүмкін емес.

Бағдарламаны орындаудың екінші кезеңінде ҚазЖЖҒЗИ селекциясының жаңа бағалы сорттары, сондай-ақ жүзім шаруашылығының басқа аймақтарынан әкелінген әрі Қазақстанда сынау кезінде өзін жақсы көрсеткен сорттар елеулі роль атқаруы тиіс.

5-кесте

Қазақстанда 2000-2010 жылдардағы кезеңде жүзімдік шарап материалдарын өндіру

Облыстар	!	2000 есеп	!	2001 бағалау	!	2002 болжам	!	2003 болжам
	!	_____	!	_____	!	_____	!	_____

!Шикі. !Шарап!Шикі. !Шарап!Шикі. !Шарап !Шикі. !Шарап
!зат, !мате.!зат, !мате.!зат, !мате. !зат, !мате.
!мың т !риал.!мың т !риал.!мың т !риал. !мың т !риал.
! !дары,! !дары,! !дары, ! !дары,
! !мың т! !мың т! !мың т ! !мың т
! ! ! ! ! ! ! !

Алматы	15,8	1106,0	17,5	1228,5	19,3	1354,5	21,06	1447,2
Жамбыл	1,9	132,3	2,1	151,2	2,8	201,6	3,6	252,0
Оңтүстік Қазақстан	32,1	2249,1	35,1	2457,0	38,1	2670,0	41,3	2891,7
Өзге облыстар	0,8	57,0	0,8	56,7	0,9	66,1	1,08	75,6
Қазақстан бойынша	50,6	3544,4	55,5	3893,4	61,1	4293,4	67,0	4693,5

(б а р л ы ғ ы)

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

!2004 болжам !2005 болжам !2006 болжам ! 2007 болжам
! ! ! !

!Шикі. !Шарап!Шикі. !Шарап!Шикі. !Шарап !Шикі. !Шарап
!зат, !мате.!зат, !мате.!зат, !мате. !зат, !мате.
!мың т !риал.!мың т !риал.!мың т !риал. !мың т !риал.
! !дары,! !дары,! !дары, ! !дары,
! !мың т! !мың т! !мың т ! !мың т
! ! ! ! ! ! ! !

Алматы	24,4	1638,0	26,4	1852,2	30,3	2123,1	34,5	2419,2
Жамбыл	4,0	280,0	4,9	343,0	5,9	416,0	7,0	491,0
Оңтүстік Қазақстан	45,3	3175,2	54,0	3780,0	60,5	4233,0	68,3	4782,0
Өзге облыстар	1,2	85,0	1,3	94,5	2,0	138,6	2,1	151,2
Қазақстан бойынша	74,9	5182,0	86,6	6073,2	98,7	6911,0	112,0	7843,0

(б а р л ы ғ ы)

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

! 2008 болжам ! 2009 болжам ! 2010 болжам

	!Шикі.	!Шарап ма.	!Шикі.	!Шарап ма.	!Шикі.	!Шарап ма.
	!зат,	!териалда.	!зат,	!териалда.	!зат,	!териалда.
	!мың т	!ры,	мың т	!мың т	!ры,	мың т
	!	!	!	!	!	!
Алматы	42,1	2948,0	48,0	3360,0	54,0	3780,0
Жамбыл	8,2	573,0	9,4	661,0	8,1	567,0
Оңтүстік Қазақстан	83,0	5745,0	92,2	6457,0	106,5	7455,0
Өзге облыстар	2,3	163,8	2,8	196,0	3,4	238,0
Қазақстан бойынша	135,6	9430,0	152,4	10674,0	172,0	12040,0
(б а р л ы ғ ы)						

6. Бағдарламаның қажетті ресурстары және оларды қаржыландыру көздері

Тұтасымен алғанда, 2001-2010 жылдар кезеңінде жүзім егістіктерін отырғызуға 18,24 млрд. теңге немесе жылына 2 млрд. теңге шамасында күрделі қаржы талап етіледі.

Тауарлы жүзім егістіктері жұмсалған қаражаттың қайтарымын тек отырғызылған кезден бастап 4-5 жылдан кейін ғана бере бастайтын болғандықтан, осы елеулі бөлігін тікелей инвестицияларды іздестіру және тарту арқылы, сондай-ақ кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен қамтамасыз ету көзделеді. "Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеу ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қыркүйектегі N 1384 қаулысымен айқындалған, отандық тауар өндірушілерді қолдау және шағын және орта бизнесті дамыту шаралары шеңберінде жүзім шаруашылығын және шарап өнімі өндірісін қалпына келтіру және дамыту бойынша тиімді және тез ақталатын жобаларды несиелендіру жүзеге асырылатын болады.

7. Бағдарламаның тиімділігі

Бағдарлама 15,2 мың га алқапқа жүзім егістіктерін отырғызуды көздейді. Жүзім егістігінің 1 гектарын отырғызуға күрделі қаржы (сондай-ақ 4-5 жылдың ішінде тауарлы жеміс бергенге дейін оны күтуге жұмсалатын шығындар, тіреу орнатуға жұмсалатын материалдардың құны, тыңайтқыштарға, пестицидтерге

және т.с.с. жұмсалатын шығындар) шамамен 1,2 млн. теңге құрайды.

Шарап материалдарын өндіру, тұтасымен алғанда, жүзімнің өзін өндірген сияқты негізінде жаңа көшеттер жеміс бере бастағаннан кейін едәуір ұлғаятын болады.

Егер 2002 жылға дейін 3,5-3,6 млн. дал шарап материалдарын өндіру жоспарланса, олардың көлемі 2003 жылы 6,0 млн. далға, ал 2010 жылы 12 млн. астам далға жетуі тиіс. Кейіннен 2007-2010 жылдары жеміс бере бастайтын көшеттерден қайта өңделетін шикізат көлемінің ұлғаюы есебінен 2013-2015 жылдарға қарай айтарлықтай өсуі арқылы.

Осы Бағдарламаның іс-шараларын орындау республика бюджетіне қаражат түсірудің неғұрлым сенімді және тұрақты көздерінің бірі болатын, біздің республика үшін маңызды және табыстылығы жоғары саланы жандандыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан шарап жасаушыларының одағы жасаған есептер (6-кесте) шарап материалдарына тіпті 1999 жылдың деңгейіндегі бағалардың өзімен әртүрлі салықтар арқылы бағдарламаны іске асырудың алғашқы жылдарының өзінде-ақ республика бюджетіне едәуір қаражат түсетіндігін көрсетеді.

6-кесте

2000-2010 жж. кезеңінде Қазақстанда шарап пен шарап материалдары өндірісінің есептелген экономикалық тиімділігі

	! 2000 !	! 2001 !	! 2002 !	! 2003 !	! 2004 !	! 2005 !	! 2006 !
Облыстар	! есеп !	!бағалау!	!болжам !	!болжам !	!болжам !	!болжам !	!болжам !
Жүзімді қайта өңдеу,	50,0	55,5	61,1	67,0	74,9	86,6	98,7
Шарап, материалдарын өндіру,	3544,4	3893,1	4293,4	4693,5	5182,0	6073,2	6911,0
дал							
Көтерме баға, теңге/литр	60	60	60	60	60	60	60
Сату бағасы, млн. теңге	2126,6	2336,0	2576,0	2816,1	3109,2	3643,9	4146,6
Өндіруге және өткізуге	1020,8	1021,5	1036,5	1151,7	1292,4	1509,1	1600,5

ж ұ м с а л а т ы н

ш ы ғ ы н д а р , м л н .

теңге

Әлеуметтік салық, 31,8 35,0 38,6 42,2 46,6 54,6 62,1

млн. теңге

ҚҚС млн. теңге 354,4 389,3 429,3 469,3 518,2 607,3 691,1

Акциздер, млн. теңге 458,5 500 530,1 570,4 609,7 651 690,1

Салық салынатын 429,9 572,2 720,7 769,4 828,5 976,5 1228,0

табыс, млн. теңге

Пайдаға салынатын 129,0 171,6 216,2 230,8 248,6 292,9 368,4

салық, млн. теңге

Таза кіріс, 300,9 400,6 504,5 538,6 579,9 683,6 859,6

млн. теңге

Бюджетке түсімдер, 973,7 1096,9 1214,2 1312,7 1423,1 1605,8 1811,7

м л н .

т е ң г е

— — — — —
т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

	! 2007	! 2008	! 2009	! 2010
	! болжам	! болжам	! болжам	! болжам
	!	!	!	!

— — — — —
Жүзімді қайта 112,0 135,6 152,4 172,0

өңдеу, мың тонна

Шарап, материалдарын 7843,0 9430,0 10674,0 12040,0

өндіру, мың дал

Көтерме баға, 60 60 60 60

теңге/литр

Сату бағасы, 4705,8 5658,0 6404,4 7224,0

млн. теңге

Өндіруге және 2008,8 2415,8 2824,1 3067,5

ө т к і з у г е

ж ұ м с а л а т ы н

шығындар, млн. теңге

Әлеуметтік салық, 70,5 84,7 95,9 108,2

млн. теңге

ҚҚС млн. теңге 784,3 943,0 1067,4 1204,0

Акциздер, млн. теңге	711,5	855,5	968,3	1092,3	
Салық салынатын табыс, млн. теңге	1201,2		1444,5	1544,7	1860,2
Пайдаға салынатын салық, млн. теңге	360,4		433,3	463,4	558,1
Таза кіріс, млн. теңге	840,8		1012,2	1081,3	1302,1
Бюджетке түсімдер, млн.	1926,7		2316,5	2595,0	2962,6
м л н .			т е н г е		

(*) Есептеулерді Қазақстан шарап жасаушылар одағының мамандары жасаған

Шарап материалдарын өндіруден түсетін қаражаттың сомасы, тұтасымен алғанда, 2010 жылдың өзінде жүзім егістіктерін отырғызуға бөлінген несиелер бойынша 2007-2010 жылдардағы көшеттер жеміс бергенге дейін толығымен есеп айырысуға мүмкіндік береді. Бұл есептер, тіпті жаңа піскен жүзімді сатудан алынатын қаражатты есепке алмай жасалған.

Питомниктерді қалпына келтіруге (100 млн. теңге) және ауыл шаруашылығы техникасын шығаруды ұйымдастыруға (200-250 млн. теңге) жұмсалатын несие ресурстары отырғызылатын материалды және арнаулы жүзім өңдеу техникасын с а т у д ы ң е с е б і н е н ө т е л е д і .

Осы бағдарламаның көптеген адамдар үшін әлеуметтік проблемаларды шешуді көздеуі өте маңызды болып табылады. "Жүзім егістіктерін отырғызу және қайта жаңарту - отырғызу материалын және тетіктерін өндіру - жүзім өсіру - жүзім және шарап материалдарын өндіру және сату" тізбегінде 60 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылатын болады.

Саланың нақты экономикалық тиімділігі осы Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде өндірілетін өнім бағасы шарап материалдарымен салыстырғанда бірнеше есе жоғары дайын шарап түрінде салынатын болғандықтан, есеп айырысу көрсеткішінен анағұрлым асатынын атап өткен жөн.

8. Қазақстанда Жүзім шаруашылығын және шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Рет ! Іс-шара ! Аяқтау нысаны !Орындауға жауаптылар! Орындау

саны! ! ! ! мерзімі

-
1. Аймақтар бойынша Қазақстан АШМ, Алматы, Жамбыл, Жыл сайын, жүзімдіктер орналасты. Республикасының Оңтүстік Қазақстан желтоқсан руға қолайлы жер Үкіметіне облыстарының алаңдарын айқындау ақпарат әкімдері
 2. ҚазЖЖҒЗИ селекциясы -//- БҒМ, АШМ, Алматы, Жыл сайын, жаңа бағалы сорттар. Жамбыл, Оңтүстік шілде ның таза сортты көшет Қазақстан облыстары. материалдарын өсіру ның әкімдері
үшін жүзім питомник.
терін, сондай-ақ жүзім шаруашылығының басқа аймақтарынан әкелінген және Қазақстанда сынау кезінде өзін жақсы көрсеткен сорттарды қалпына келтіру және дамыту жөнінде шаралар әзірлеу
 3. Қазақстандық машина Қазақстан АШМ, Алматы, 2002 ж. жасау кәсіпорындарында Республикасы. Жамбыл, Оңтүстік наурыз оның өндірісін ұйым. ның Үкіметіне Қазақстан облыс. дастыру үшін жүзім ақпарат тарының әкімдері, өңдеуге қажетті ауыл Қазақстан шарап шаруашылығы техникасы. жасаушылары одағы
(келісім бойынша)
(қажеттілігі, техноло.
 4. Отандық машина жасау Нормативтік ЭСМ, АШМ 2002 ж. кәсіпорындарында жүзім құқықтық шілде баптауға қажетті ауыл кесімнің шаруашылығы техникасы жобасы өндірісінің бағдарлама.
сын әзірлеу
 5. Таза сортты жүзім және Қазақстан АШМ, ИСМ, Жыл сайын, бастапқы шарап жасау Республикасы. Қазақстан шарап желтоқсан ісіне тікелей инвестор. ның Үкіметіне жасаушылары одағы лар тартуға жәрдемдесу ақпарат (келісім бойынша) <*>

6. Жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісінің Қазақстандағы базасы туралы жарнамалық проспект дайындау бойынша) Алматы, Жамбыл, Жыл сайын, Оңтүстік Қазақстан қыркүйек облыстарының әкімдері, Қазақстан шарап жасаушылары одағы (келісім бойынша)
7. Шарап рыногының жай-күйіне талдау жүргізу және жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау. АШМ, ҚарМ, ИСМ Жыл сайын, Қазақстан шарап жасаушылары одағы (келісім бойынша) <*>
8. Жүзім шаруашылығында пайдаланылатын, бірақ Қазақстанда өндірілмейтін гербицидтердің, пестицидтердің, химикаттардың және тыңайтқыштардың жекелеген түрлеріне үкіметаралық келісімдерді негізге ала отырып, импорттық кеден баждарын мүмкін шекті деңгейге дейін азайту

Ескерту. 8-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.07. N 332 қаулысымен.